



"Көк құрақ – көлдің сәулеті, құс пен аң – ердің дәулеті" дегендей, халықтың хайуанаттар ішіндегі ең жақсы көретіні - құстар. Пайдасы болмаса, зияны жоқ осы бір тіршілік иелерін құрметтеген адамзат баласы бағзы замандардан-ақ құстарды **жақсылықтың нышанына** балаған. Мәселен, дана қазақ аққуды – махаббаттың, қарлығашты – мейірімнің, бүркітті – ержүректіктің нышаны ретінде қараған. Осындай құстардың бірі әрі бірегейі, біздің балалық шағымыздағы танымал әннің қаһарманы – **көгершін құсы**.

Көгершін – көп халықтарда бейбітшіліктің белгісі, ол жер бетіне тыныштық пен береке әкелетін құс деп саналады. Бүгін біз сіздерге көгершіннің **«бейбітшілік құсы»** деген атаққа қалай ие болғандығы жайлы сөз қозғайтын боламыз.





Бейбітшілік жақтаушыларына шұғыл түрде танымбелгі керек болады да, олар атақты **Пабло Пикассодан** танымбелгі үшін сурет салып беруін сұрайды. Осылайша дүниеге ықшамды және көзге бірден түсетін тұмсығымен **зәйтүн бұтағын** алып бара жатқан ақ көгершіннің сұлбасы келеді.

Көгершіннің бейбітшілік құсы ретінде бейнеленуін түсіндіру аса қиын емес. Кезінде **Нұх Пайғамбардың** кемесіне зәйтүн бұтағын алып келіп, *топан судың аяқталғанын және Құдайдың адамдармен татуласқандығын* жеткізген дәл осы інжіл құсы болған. Сонымен қатар осыдан сан мыңдаған жылдар бұрын әйгілі **Венераның** көгершіндері **Марстың дулығасына** жұмыртқалағандықтан, Соғыс Құдайы кезекті қантөгістен бас тартып, халықтың аман қалғандығы туралы **антикалық аңызды** еске түсіруге де болады.

